

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы " А к т і л е р ж и н а ғ ы н д а " ж әне р е с п у б л и к а л ы қ б а с п а с ө з д е жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту мақсатында қаулы етемін :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етуді бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ұсынсын.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 1 қ а з а н д а ғ ы

N 1 4 5 9 Ж а р л ы ғ ы м е н

Бекітілген

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "білім беру бағдарламалары", "білім беру бағдарламаларымен", "білім беру бағдарламаларын", "білім беру бағдарламаларының" және "білім беру бағдарламаларына" деген сөздер тиісінше "білім беретін оқу бағдарламалары", "білім беретін оқу бағдарламаларымен", "білім беретін оқу бағдарламаларын", "білім беретін оқу бағдарламаларының" және "білім беретін оқу

бағдарламаларына" деген сөздермен, "Орта білімнен кейінгі кәсіптік білім" және "орта білімнен кейінгі кәсіптік білім" деген сөздер тиісінше "Орта білімнен кейінгі білім" және "орта білімнен кейінгі білім" деген сөздермен, "Оқитындар", "Оқитындардың", "оқитындарды", "оқитындар", "оқитындардың" және "Оқитындарды" деген сөздер тиісінше "Білім алушылар", "Білім алушылардың", "білім алушыларды", "білім алушылар", "білім алушылардың" және "Білім алушыларды" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.11.16. N 443 Жарлығымен.

**Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың
2005-2010 жылдарға арналған
Мемлекеттік бағдарламасы Астана, 2004 жыл**

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіз	Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" атты Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі
Әзірлеуші	Стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Мақсаты	Адам ресурстарын даярлау сапасын арттыру, жеке тұлға мен қоғамның қажеттіктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының басымдықтары негізінде көп деңгейлі білім берудің ұлттық жүйесін жаңғырту
Міндеттері	Халықтың барлық жіктерінің сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету;

білім беруді басқаруды одан әрі демократияландыру негізінде білім берудің ұлттық жүйесінің жұмыс істеуінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру; қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу; мемлекеттік тілді басым дамыту; отандық дәстүрлер, әлемдік тәжірибе және тұрақты даму қағидаттары негізінде білім берудің мазмұны мен құрылымын жаңарту; 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу; Білім беруді халықаралық стандартты жіктеу (БХСЖ) ұсынымдарына сәйкес кәсіптік білім беру және кадрларды даярлау жүйесін қайта құрылымдау;

оқытудың жинақтаушы кредиттік жүйесіне негізделген кадрларды даярлаудың біртұтас үш сатылы моделін жасау (бакалавриат - магистратура - докторантура); экономиканың барлық салалары үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру; әлемдік білім кеңістігіне ықпалдасу; білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру;

бірыңғай білім беру ақпараттық ортасын қалыптастыру;

білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру; білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын нығайту;

білім беруді, ғылым мен өндірісте ықпалдастыру;

білім берудің сапасын арттыру үшін экономика секторлары ресурстарын тартудың тетіктерін жасау;

педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыру, білім беру жүйесін

қаржымен, кадрмен қамтамасыз етуді жетілдіру, білім беру менеджерлерін даярлау; көп деңгейлі үздіксіз білім беру жүйесінде мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның

мүдделерінің теңдестігін қамтамасыз ету

Қажетті ресурстар

және оларды

қаржыландыру көздері

Бағдарламаны іске асыруға қажетті

мемлекеттік бюджет шығыстарының көлемі

330812,0 млн. теңгені құрайды, оның ішінде

республикалық бюджет қаражатынан -

175 769,8 млн. теңге, жергілікті бюджеттер

қаражатынан - 155 042,2 млн. теңге.

Жылдар бойынша	Барлығы	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет
2005 жыл	41 402,2	23 379,8	18 022,4
2006 жыл	53 514,2	34 036,9	19 477,3
2007 жыл	53 855,9	32 150,8	21 705,1
2008 жыл	57 769,3	26 216,8	31 552,5
2009 жыл	61 600,0	29 484,4	32 115,6

2010 жыл 62 670,4 30 501,1 32 169,3

Бағдарламаны 2006-2010 жылдарда қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлау кезінде нақтыланатын

болады.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде: кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады;

"баршаның ғұмыр бойы білім алуы" қағидатын іске асыру қамтамасыз етілетін болады; нәтижеге бағдарланған сапалы, бәсекеге қабілетті білім алу үшін жағдай жасалатын

б о л а д ы ;

12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу

жүзеге асырылады;
білім берудің барлық деңгейіне қол
жетімділік пен сабақтастық қамтамасыз
етіледі;
білім беруді басқа да әлеуметтік салалармен
және экономика салаларымен салыстырғанда
озыңқы дамыту қамтамасыз етіледі;
мамандарды даярлаудың үш сатылы:
бакалавриат-магистратура-докторантура
моделіне көшу жүзеге асырылатын болады;
білім берудің барлық деңгейін ғылыми және
оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің тиімді
жүйесі жасалады;
білім беру жүйесінің бірыңғай білім беру
ақпараттық ортасы құрылады;
халықаралық статистикалық стандарттарға
барабар білім берудің статистикалық
көрсеткіштер жүйесі құрылады;
білім беру жүйесін дамытудың мониторингі
және оны болжау жүйесі, білім беру сапасын
бағалаудың ұлттық жүйесі құрылады;
педагог қызметкерлерді мемлекеттік қолдау
күшейтіледі және олардың еңбегін ынталандыру
тетіктері жетілдіріледі;
білім беруді қаржыландырудың жаңа тетіктері
өзірленеді;
кадрларды кәсіби даярлаудағы әлеуметтік
серіктестік үшін жағдай жасалады;
білім беру саласындағы ғылыми және
инновациялық қызмет жандандырылатын болады.

Іске асыру мерзімдері 2005-2010 жылдар
Бағдарлама екі кезеңде іске асырылатын
болады:
бірінші кезең - 2005-2007 жылдар;
екінші кезең - 2008-2010 жылдар.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" атты Қазақстан халқына Жолдауына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес әзірленді. Бағдарлама білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиясын, негізгі бағыттарын, басымдықтарын, міндеттерін және оны іске асыру тетіктерін айқындайды әрі Қазақстан Республикасының заңнамасына, білім беру жүйесін басқару мен қаржыландыруға, құрылымы мен мазмұнына, кадр саясатына және әлеуметтік саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады.

Осы Бағдарламаны әзірлеу жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында тұрған білім беру сапасын арттыруға, стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған түбегейлі қайта өзгертулердің қажеттігінен туындады.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығымен бекітілген "Білім" мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - "Білім" бағдарламасы) іске асырудың нәтижелерін талдау негізінде әзірленді.

3. Білім беру жүйесінің жай-күйін талдау

Қазақстан Республикасын әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикалы мемлекет ретінде таныды. Тәуелсіздігінің қысқа тарихи кезеңінде еліміз әлемдік қоғамдастыққа ықпалдаса отырып, экономикада айтарлықтай өсуге қол жеткізді.

Осы орайда, қоғамдық даму деңгейінің, елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің өлшемдері ретінде білім беру жүйесінің, адам ресурстарының рөлі мен маңызы арта түседі. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беруге, одан ұтқырлықты, жаңа тарихи кезеңнің болмысына барабар әрекет етуді және экономиканың даму қажеттіктеріне сай болуды талап ете отырып әсерін тигізеді.

Жедел өзгеріп тұратын әлем және ақпарат легінің ұлғаюы жағдайында іргелі пәндік білім міндетті, бірақ ол білім берудің жеткілікті нысанасы болып табылмайды. Білім алушылар қазақстандық білім беру жүйесі бағыт алған білімнің, дағды-біліктің жиынтығын (білім үстемдігі) меңгеріп қана қоймауға тиіс. Білім алушылардың өзін барынша көрсете білу және қоғам өміріне пайдалы түрде қатысу үшін (кұзыреттілік) ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысын бойына сіңіру әлдеқайда маңызды да күрделі. Қазақстандық білім беру жүйесі оның әлемдік білім беру кеңістігінде лайықты орын алуына мүмкіндік бермейтін ескірген әдіснамалық базасы, құрылымы мен мазмұны жағдайында дамуын жалғастыруда. Білім

беру мазмұны фактологиялық күйінде қалып отыр және білім алушыларды қоғам өміріне құзыретті, жауапты әрі шығармашылық тұрғыдан қатыстыра отырып даярлауға бағдарланбаған. Өңірлік деңгейде білім беруді басқарудың біріздендірілген жүйесінің болмауы, білім беру бөлімдерінде мамандардың штат санының жетіспеушілігі білім беруді басқарудың тиімділігіне кері әсер етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Көптеген дамыған елдер мектепке дейінгі білім беруге тең қол жеткізу үшін мүмкіндіктер жасайды. Бұл тек қаржыландыру деңгейінде ғана емес (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің білім берудің жалпы бюджетінен 9,5 %, 1999 ж.), сонымен қатар балалардың толық күнге немесе қысқа уақытқа келуіне негізделген мектепке дейінгі тәрбиенің әр түрлі модельдерін жасаудан да айқын көрінеді: міндетті аналар мектептері, сәбилерге арналған мектептер, 3-тен 5 жасқа дейінгі балаларға арналған мектептер, ойын топтары, балаларды қарау және күту т о п т а р ы .

Қазақстанда 2000 жылмен салыстырғанда мектепке дейінгі ұйымдардың саны 12 бірлікке (1%), ал олардағы балалардың контингенті 25 421 балаға (18,7 %) өсті, бұл мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сұраныстарының өсуі мен осы сұраныстарды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы теңсіздікті айғақтайды (1-кесте). Нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдардағы 100 орынға 105-тен 130-ға дейін баладан келді. Тұтастай алғанда, республика бойынша 22 мыңға жуық бала мектепке дейінгі ұйымдарға орналасу үшін кезекте тұр, бес-алты жастағы 127 мың бала мектепалды бағдарламаларымен қамтылуға тиіс.

1 - к е с т е

Жылдар	Желі	Контингент
2 0 0 0	1 1 4 4	1 3 5 2 8 7
2 0 0 1	1 1 6 7	1 4 6 3 7 5
2 0 0 2	1 1 6 2	1 5 3 9 6 5
2 0 0 3	1 1 5 6	1 6 0 7 0 8

Мектепке дейінгі тәрбие жүйесінде 16,3 мың педагог қызметкер еңбек етуде, олардың 38,7%-ының жоғары білімі, 52,8%-ының арнаулы орта педагогикалық білімі, 6,4%-ының аяқталмаған жоғары педагогикалық білімі және 2,1%-ының орта білімі бар. Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің 40 %-ының ғана жоғары және бірінші санаттары бар, ал 31,2 %-ының санаты жоқ.

Мектепке дейінгі тәрбиенің нормативтік құқықтық және оқу-әдістемелік базасы құрылуда. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 82 атаудан тұратын 19 оқу-әдістемелік кешен әзірленді, сынақтан өткізілді және 2003/2004 оқу жылында алғаш рет енгізілді.

1999 жылы Қазақстанда балалардың міндетті мектепалды дайындығы енгізілді, бұл балаларды мектепалды дайындық бағдарламасымен қамтуға әсер етті (1-диаграмма).

1-диаграмма

Балаларды мектепалды дайындықпен және мектепке дейінгі оқытумен қамту көрсеткіштері (%)

(1-диаграммадағы көрсеткіштерді қағаз мәтінінен қараңыз)

Сонымен қатар мектепке дейінгі білім беруде де бірқатар проблемалар бар. Қазіргі таңда мектепалды дайындықтағы тек 40%-ға жуық бала ғана жергілікті бюджет есебінен оқулықтармен қамтамасыз етілген. Жұмыс істеп тұрған балабақшалардағы жиһаздар, спорттық мүкәммал, кітапхана қоры, ойыншықтар, оқытудың көрнекі құралдары моральдық тұрғыдан ескірген және табиғи тозған. Аудандық және қалалық білім беру бөлімдерінің 58%-ы ғана мектепке дейінгі тәрбие мамандарымен ж а с а қ т а л ғ а н .

МКҚК (мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар) мәртебесіне ие мектепке дейінгі ұйымдарды қалдық қағидаты бойынша қаржыландыру балалардың балабақшада болу ақысының өсуіне әкеліп соқты және мектепке дейінгі ұйымдарға аса мұқтаж халықтың табысы аз және әлеуметтік жағынан шетін жіктеріне ауыр тиді.

Тұтас алғанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бір жастан алты жасқа дейінгі балалардың балабақшалармен қамтылуының төмендігін көрсетеді (19,1%). Мектепалды дайындықтағы міндетті бағдарламаны бес жастағы балалардың 40%-ы және алты жастағы 60% бала ғана алады.

Жалпы орта білім беру

Жалпы білім беретін мектептегі реформалардың шетелдік тәжірибесі оқытудың мерзімін 12-13 жылға дейін ұзартуды, жоғары сатыдағы оқушылардың оқудағы жетістіктері мен кәсіби оқытуды сыртқы бағалау жүйесін енгізуді көздейді.

Қазақстанның жалпы орта білімі жалпы білім беретін мектептер санының көбеюімен әрі демографиялық және көші-қон процестеріне орай жекелеген өңірлерде шағын жинақталған мектептердің өсуіне ықпал еткен оқушылар контингентінің азаюымен сипатталады (2-кесте).

2 - к е с т е

Оқу жылы	Мектептер саны	Білім алушылар контингенті
2000/2001	8109	3043,3
2001/2002	8171	3019,5
2002/2003	8164	3095,6
2003/2004	8260	3026,2

Республикада 4272 жалпы білім беретін шағын жинақталған мектеп (бұдан әрі - ШЖМ) жұмыс істейді (жалпы мектептер санының 52%-ы). Оларда 429,1 мың бала (жалпы білім алушылар контингентінің 14,1%-ы) оқиды. ШЖМ-нің бір оқушысын оқытуға жұмсалған шығын қалыпты мектепке қарағанда (өңірлерге байланысты) 30-100%-ға жоғары. Мектептердің тұрғын жерден алыс орналасуына байланысты 37 мың баланы тасымалдау ұйымдастырылған.

Қазіргі таңда 3687 (44,6%) қазақ тілінде оқытатын, 2069 (26,1%) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектептер жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде оқытатын мектептердегі оқушылардың контингенті ұлғайып келеді. Егер 2000 жылы оқушылардың 52,1%-ы мемлекеттік тілде оқыған болса, ал бүгінгі таңда 54,8%-ы оқиды. Өзбек, ұйғыр, неміс, тәжік, украин және басқа да ана тілдерінде оқытатын мектептер жұмыс істейді.

Республиканың жалпы білім беретін мектептерінде 270 мыңнан астам педагог жұмыс істейді, оның ішінде 195,8 мыңының жоғары білімі, 60 мыңнан астамының кәсіптік орта білімі бар. 36,5 мың педагог жоғары санатты, 67 мыңы бірінші санатты. Шағын жинақталған мектептерде 64 мыңнан астам мұғалім жұмыс істейді.

Жалпы білім беретін мектептердің оқу процесіне оқушы-жетім балалар, тұрмысы төмен және көп балалы отбасыларындағы балалар тегін қамтамасыз етілетін 1-8 сыныптарға арналған жаңа буын оқулықтары енгізілген. Кәсіптік мектептерде (лицейлерде), колледждерде арнайы пәндер бойынша отандық оқулықтар енгізілуде.

"Білім" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың саны 27 бірлікке артты, бұл арнайы оқытуға мұқтаж балаларды анықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Республикада 614 интернат мекемелері жұмыс істейді, оларда мемлекет есебінен 75 мыңға жуық жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, тұрмысы төмен және көп балалы отбасыларынан шыққан балалар, девиантты мінез-құлықты балалар тұрады, 18 балалар интернат-үйлері жұмыс істейді, оның ішінде біреуі дене бітімінде кемшілігі бар балаларға арналған, онда толық мемлекеттік қамқорлыққа алынған 2,8 мың бала тәрбиеленуде.

5 отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және 17 жасөспірімдер үйлері ашылды, онда өмір сүру жағдайы отбасына жақын. Тәрбие берудің патронаттық нысаны даму үстінде.

2000 жылдан бастап мектептен тыс ұйымдардың саны 25 бірлікке, оқушыларды қамту 1,6%-ға артты (3-кесте).

3 - к е с т е

Оқу жылы		Мектептен тыс		Контингент
				ұйымдардың саны

2 0 0 0 / 2 0 0 1	5 6 8	2 1 9 1 2 6
2 0 0 1 / 2 0 0 2	5 9 8	2 5 1 6 8 4
2 0 0 2 / 2 0 0 3	6 1 7	2 6 6 5 4 7
2 0 0 3 / 2 0 0 4	6 2 9	2 9 1 5 4 5

Сонымен қатар жалпы орта білім беруде өз шешімін күткен проблемалар да анықталуда. Оқулықтар шығару тәжірибесінің, авторлар мектептерінің, толыққанды сараптаманы қамтамасыз етудің қаржылық тетігін және институционалдық қолдаудың жоқтығынан оқулықтардың сапасы педагогтер қауымын қанағаттандырмай отыр.

Ескіргендерді пайдалану және қазіргі заманғы оқу жиһаздары мен жабдықтарының, спорт мүкәммалының (әсіресе, ауылдық мектептерде) жоқтығы мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттары талаптарын толық көлемде орындауға мүмкіндік бермей отыр және балалар мен жасөспірімдер денсаулығына кері әсерін тигізеді. Республиканың әрбір үшінші мектебінде пән кабинеттері: химия, физика, биология, математика және т.б., мамандандырылған зертханалар мен спорт залдары жоқ.

256 мектеп авариялық жағдайда тұр. 2 мыңнан астам мектеп күрделі жөндеуге мұқтаж. Еліміз бойынша оқушы орнына тапшылық 500 мыңға жуық орынды құрайды.

Пәндік көзқарасқа негізделген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары оқушылардың өмір жолын таңдауына, мүдделері мен перспективаларын нақты белгілеуіне оң негіз бола алмайды. Жоғары сынып оқушыларының 30%-ы ғана өздерінің қабілеттеріне сәйкес келетін кәсіптік қызметті саналы түрде таңдайды. Болашақ мектеп түлектерінің 70%-ының өзін-өзі бағалау деңгейі өте төмен және өз бетінше өмір сүруге дайын емес. Жоғары сатыда бейінді оқытудың жетіспеушілігінен еңбек нарығында мектеп бітірушілерге деген сұраныс жоқ.

Кешенді тестілеудің нәтижелері талапкерлердің білім деңгейлерінің жоғары еместігін көрсетеді. Қанағаттанарлық емес баға алғандар үлесі 5 жыл бойы өзгеріссіз қалып отыр және олар 28-30%-ды құрайды. 2004 жылғы ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) қорытындылары мектеп бітірушілердің 24,2%-ы жинауға болатын 120 баллдың 40 баллдық өту деңгейін жинай алмағанын, оқушылардың тек 0,7%-ы 101-120 балл жинап, үздік бағаларын дәлелдегенін көрсетеді.

120 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі балалардың үштен бір бөлігі ғана түзеу ұйымдарында арнайы білім берумен қамтылған. Арнайы білім берудің нормативтік құқықтық және бағдарламалық-әдістемелік базасы, түзеу мекемелері үшін педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесі жетілдіруді және жаңартуды қажет етеді. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды орталықтандырылған есепке алу жүйесі жоқ. Инклюзивтік білім беру нашар дамуда.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру

Дамыған елдердегі кәсіптік білім беру жағдайына жасалған талдау кадрларды даярлау процесіне қатысу үшін жұмыс берушілерді көтермелеу тетіктерінің, сондай-ақ кәсіптік білім берудің сапасын (біліктілікті беру мен қуаттау ұлттық орталықтары) реттеудің институционалдық негізінің бар екенін және кәсіптік бағдарламалардың аса ұтқырлығы мен кірігуін айғақтайды.

Қазақстан Республикасының бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесі 722 оқу орнынан, оның ішінде жалпы оқушылар контингенті 341,3 мың адам 307 кәсіптік мектеп (лицейлер) пен 415 колледжден тұрады.

Кәсіптік бастауыш білім беретін оқу орындарында білім алушылардың контингенті 2000 жылдан бастап 2004 жылға дейін 10,3 мың адамға ұлғайды. (4-кесте).

4 - к е с т е

Оқу жылы	КМ (КЛ) саны	Білім алушылардың контингенті	Мембюджет қаражаты есе. бінен білім алушылардың саны
2000/2001	306	88,3	75,4
2001/2002	312	88,1	72,1
2002/2003	312	89,6	82,3
2003/2004	307	98,7	91,3

2000 жылмен салыстырғанда колледждер саны жекеше оқу орындарын ашу есебінен 101 бірлікке өсті. Колледждерде білім алушылардың контингенті 86,5 мың адамға артты (5-кесте).

5 - к е с т е

Оқу жылы	Колледждер саны	Білім алушылардың контингенті	Мембюджет қаражаты есе. бінен Білім алушылардың саны
2000/2001	314	156,1	43,8
2001/2002	349	189,8	45,7
2002/2003	382	207,9	54,8
2003/2004	415	242,6	63,3

Бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарында 28,1 мың педагог жұмыс істейді. Оның ішінде 2231 адамның жоғары білімі бар, 5647 адамның кәсіптік орта, қалғандарының техникалық орта білімі бар. 7580 адам жоғары санатқа, 6989 адам бірінші санатқа ие. Колледждерде 5 ғылым докторы және 96 ғылым кандидаты жұмыс

і с т е й д і .

Сонымен қатар, тез өзгеріп отырған экономикалық жағдайда білім беру қызметтерінің реттелмеген нарығының дамуы, жұмыс беруші мен бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесі арасында әлеуметтік серіктестіктің болмауы білім беру деңгейі және экономика секторлары бойынша кадрлар даярлаудағы тепе-теңдіктің болмауына әкеп соқты. Тұрғындардың 10 мыңына шаққанда техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандарын даярлаудың саны жоғары білім беру саласына қарағанда едәуір төмен және ол колледждерде - 162 оқушыны, кәсіптік мектептерде - 66 оқушыны, ал жоғары оқу орындарында 439 студентті құрайды. Қызмет көрсету саласы және өндірістік емес сектор үшін кадрларды даярлаудың артуы байқалады, ал техникалық, құрылыс және ауыл шаруашылығы мамандарына деген сұраныс қанағаттанарлықсыз күйде қалып отыр (2-диаграмма).

2-диаграмма

(қағаз мәтінінен қараңыз)

Жұмыс берушілер мен басқа да әлеуметтік серіктестер техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандарын даярлау тапсырысын түзуге нашар тартылған. Кәсіптік білім беруді және кадрларды даярлауды ұйымдастыруға экономиканың жекеше секторының қаражаттарын тарту тетігі жоқ. Кәсіптік мектептердің 122 ғимараты (45%) күрделі жөндеуді, 115 ғимарат (42,1%) ағымдағы жөндеуді талап етеді, кәсіптік циклдегі 153 кабинет, жалпы білім беру цикліндегі 146 кабинет, 108 оқу зертханасы, 78 оқу шеберханасы, 33 асхана, 72 медициналық пункт жетіспейді.

Өндірістік оқытуды ұйымдастыруға, оқу материалдарын, құралдар мен жабдықтарды сатып алуға, кадрларды қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қаржы қаражаты бөлінбей отыр.

Бөлінген қаржы қаражаты, негізінен, жалақы мен әлеуметтік салық төлеуге (54%), тамақтануға, киім-кешекке және стипендияға (23%), коммуналдық қызметтер көрсетуге (10%), үй-жайларды күтіп-ұстауға және қызметтер көрсетуге (3%) жұмсалады.

Кәсіптік мектептер мен колледждердегі кадр тапшылығы арнайы пәндердің 934 оқытушысын және өндірістік оқыту шеберін құрайды. Кәсіптік мектептер мен колледждердегі кадр құрамының қартаюу, неғұрлым білікті оқытушылардың шағын және орта бизнеске кету үрдісі сақталып отыр. Жас мамандардың еңбекақының және педагогтің әлеуметтік мәртебесінің төмендеуінен кәсіптік мектептер мен колледждердегі жұмыс істеуге деген ынтасы жоқ.

Облыстық деңгейде кәсіптік білім беру және кадрларды даярлайтын оқу орындарының басқару мен оқу-әдістемелік қамтамасыз ету құрылымы осы оқу орындарының басқару және қаржыландыру функциялары жергілікті өкілді орындарға және атқарушы билік органдарына берілген сәттен бастап (1996 жыл) нығайтылмаған.

Кәсіптік білім беру мен техникалық және қызметтер көрсету еңбегі кадрларын даярлаудың құрылымы мен білім беретін оқу бағдарламалары біліктілік деңгейлері

бойынша Техникалық және кәсіптік білім беру туралы ұсынымдарына (ЮНЕСКО, 2001 жыл), Білім беруді халықаралық стандартты жіктеу бағдарламасының өлшемдеріне (БХСЖ, 1997 жыл) сәйкес келмейді, бұл кәсіптік білім беру жүйесінің ұтқырлығын, икемділігін азайтады және әлемдік білім кеңістігінде танылу ықтималдығын төмендетеді.

Жоғары білім беру

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің дамуын талдау онда кредиттік білім беру жүйесіне негізделген, кадрлар даярлаудың үш сатылы моделінің кең тарағанын көрсетеді: бакалавриат-магистратура - Ph.D докторантурасы. Бұл модель АҚШ университеттерінде және Еуропаның көптеген елдерінде қолданылады. Ол неғұрлым икемді де тиімді болып табылады, академиялық ұтқырлықты және еңбек нарығының тез өзгеріп тұрған шағында түлектерге деген сұранысты қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінде 180 жоғары оқу орны және ЖОО-ның 86 филиалы бар. 9 жетекші университеттің ерекше мәртебесі бар. Педагог кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру мақсатында 2004 жылы 5 мемлекеттік педагогикалық ЖОО-ы ашылды.

Жоғары оқу орындарының саны, студенттер контингенті және мемлекеттік білім беру тапсырысы өсіп отыр (6-кесте).

6 - к е с т е

Оқу жылы	Жоғары оқу орындары саны	Білім алушылардың контингенті	Мемлекеттік тапсырыс (оқуын жалғастырушылардан б а с қ а с ы)
2000/2001	181	440715	21970
2001/2002	182	514738	25265
2002/2003	173	590982	25465
2003/2004	180	656561	26465

Жоғары оқу орындарының 41 мың адамды құрайтын профессор-оқытушы құрамының 2520-сы ғылым докторы және 11610-ы ғылым кандидаты. 10000 тұрғынға шаққандағы студенттердің саны 2000-2001 оқу жылындағы 257 адамнан 2003-2004 оқу жылында 439 адамға артқан.

2000 жылы қабылданған "Білім" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында жоғары білім беру мамандықтарының жіктеуіші жетілдірілген. Оқу процесінің технологиялы болуын қамтамасыз еткен бастауыш курстардың біріздендірілген білім беретін оқу бағдарламаларымен қоса жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары әзірленді. Жоғары білімге даярлық мамандықтары мен

бағыттарының пәндері 7000 үлгі оқу бағдарламаларымен қамтамасыз етілді.

Кәсіптік жоғары білім алуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету және неғұрлым дайындалған жастарды іріктеу мақсатында кешенді тестілеу немесе ұлттық бірыңғай тестілеу жүргізу және конкурстық негізде мемлекеттік білім беру гранттары мен кредиттерін беру арқылы студенттер контингентін қалыптастырудың жаңа моделі е н г і з і л д і .

Кадрларды даярлау жүйесін әлемде жалпы қабылданған бакалавр-магистр моделіне көшірудің негіздері қаланды. Жоғары оқу орындарына айтарлықтай академиялық еркіндік берілді. Оқытуда пайдаланылатын ғылыми зерттеулер жанданып, академиялық ұтқырлық арта түсті. Қазақстан Республикасының 19 мыңға жуық азаматы әлемнің 35 елінде оқиды, оның ішінде 16,4 мыңы Ресей жоғары оқу орындарында оқиды. 800 адам Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясының иегері болды. Республиканың жоғары оқу орындарында 8690 шетел азаматы оқиды.

Сонымен қатар жекелеген жоғары оқу орындарының және олардың көптеген филиалдарының зияткерлік, кадрлық, материалдық-техникалық әлеуетінің жетіспеуінен талапкерлердің және студенттердің даярлық деңгейіне қоятын талаптарының төмендеуі мамандарды даярлау сапасының төмендеуіне әкеп соқтырады. Бұл жоғары оқу орындарын кадрмен қамтамасыз етуге және олардың материалдық-техникалық базасына қойылатын талаптарды күшейту бағытындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру қажеттігін туындатады.

Жоғары оқу орындарындағы бір бейінді мамандықтарға даярлау жоспарлы экономикаға тән тұрақты салаларға және тұтынушыларға ғана бағдарланған. Әлеуметтік серіктестік және кадрларды атаулы даярлау, әсіресе, өңірлік деңгейде одан әрі дамытуды қажет етеді. Техникалық, аграрлық, технологиялық, ветеринарлық мамандықтар бойынша мемлекеттік тілдегі оқулықтар мен оқу құралдарының тапшылығы байқалады. Жоғары оқу орындарындағы оқулықтардың, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің 50 %-ы жаңартуды талап етеді.

Қазақстандық және шетелдік білім беретін оқу бағдарламаларын, білім туралы құжаттарды өзара есепке алу және өзара тану тетіктерін әзірлеу процесі баяу жүруде, ол студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын тежейді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім

Бюджеттік негіздегі аспирантура 48 мемлекеттік жоғары оқу орнында, 5 мемлекеттік емес жоғары оқу орнында және 66 ғылыми ұйымда, докторантура 15 мемлекеттік жоғары оқу орнында және 23 ғылыми ұйымда жұмыс істейді.

Соңғы жылдары аспирантураны ғылыми дәреже алып бітірушілер 18%-дай ғана, бұл ғылыми кадрларды даярлаудың қазіргі жүйесінің тиімділігінің төмендігін көрсетеді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу бағдарламалары ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлаудың сапасын басқаруға мүмкіндік бермейді.

Ғылыми жетекшілердің (консультанттардың), білім және ғылым ұйымдарының аспиранттар мен докторанттарды оқыту нәтижелері үшін жауапкершілігі төмендеген.

Бірқатар бағыттар, оның ішінде медицина мамандықтары (трансплантология және жасанды органдар, нейрохирургия, гематология, емдік дене шынықтыру, спорттық медицина және т.б.) бойынша ғылыми кадрларға деген тапшылық бар, бұл республикада тиісті ғылыми мектептердің болмауына байланысты. Ғылыми-зерттеу институттарында және жоғары оқу орындарында кадрлардың "қартаюы" орын алуда. Егер 10 жыл бұрын ғылым докторларының орташа жасы 56 жасты құраса, ал қазіргі уақытта 62 жасты құрайды, ғылым кандидаттарының жасы тиісінше - 44 және 47 жас.

Ғылыми ұйымдардың жоғары оқу орындарының білім беру процесіне қатысуы болмашы. Білім берудің мазмұны мен ғылымның қазіргі жағдайының арасындағы алшақтық маман даярлаудан жаңа ғылыми идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, жаңа технологияларды алға апарушы және қазіргі заманғы технологиялық процестерді басқара алатын зерттеуші маман даярлауға толыққанды көшуді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Педагогика ғылымдары бойынша жүргізілген көптеген зерттеулердің практикалық мәні төмен. Соңғы жылдары педагогика ғылымдары бойынша 140-қа жуық докторлық және 600 кандидаттық диссертация қорғалғанына қарамастан, ондаған жылдар бойы білім берудің барлық деңгейлерінде оқытудың әдістері мен нысандары өзгеріссіз қалып отыр, дайын білімнің көзі ретіндегі педагогтің міндеті туралы ескірген түсінік сақталған.

Педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру

Педагог мамандықтары бойынша базалық даярлықты білім алушылар контингенті 167 мың адамнан астам және жылына 22 мыңнан астам мұғалім шығаратын 34 жоғары оқу орны 19 педагогикалық мамандық бойынша жүргізеді.

Педагогтерді даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы: 2001 жылғы 5655 грант пен кредиттен 2004 жылы 6075-ке дейін өсті.

Қайта даярлау және біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдердің саны өсіп келеді: 2001 жылы - 42784 мұғалім, 2003 жылы - 48157. Алайда бұл әрбір мұғалімнің біліктілік арттыру курстарынан кемінде бес жылда бір рет өтуін міндеттейтін "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін іске асыру үшін жеткіліксіз, оған сәйкес жыл сайын 54000 мұғалім біліктілігін арттырудан өтуге тиіс.

Бейіндік сыныпта оқытуды, 2 сыныптан бастап шетел тілдерін, информатиканы оқытуды көздеу, кәсіптік мектептердің желісін кеңейту 28 мың педагогикалық ставканы қосымша енгізуді талап етеді.

Жоғары оқу орындарының түлектерін ауылдық жерлерде жұмыс істеуге тарту және орнықтыру тетігін әзірлеу қажет.

Жоғары оқу орындарының мүмкіндіктері педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда жан-жақты пайдаланылмайды. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру

және қайта даярлау мәселелерін шешу жөнінде шет елдермен тәжірибе алмасу нашар дамыған. Білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлерінің жаңа білім-білікті игеруін материалдық және моральдық тұрғыдан көтермелеу тетіктері тиімді түрде жеткілікті пайдаланылмайды, практикалық қызметке бағдарланған оқытудың белсенді тренингтік технологияларының енгізілуі нашар.

Білім беруді ақпараттандыру

Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жалпы білім беретін мектептерді 100 пайызға компьютерлендіру аяқталды. Орталық коммуникациялық торап құрылып, оған Білім және ғылым министрлігінің орталық аппаратының торабы және облыстық білім департаменттерінің телекоммуникациялық тораптары қосылған. Жалпы орта білім беретін ұйымдарға арналған электрондық оқулық басылымдары мектеп пәндерінің 25%-ын қамтиды. Қашықтан оқытудың спутниктік арнасына республиканың алты облысының 717 мектебі қосылған (8,7%).

Сонымен қатар, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) дамыту және оларды білім беру саласында қолдану қажеттіктен әлдеқайда артта қ а л у д а .

Қазақстанда бір компьютерге жалпы білім беретін мектептердегі 54 оқушыдан келеді, бұл ЮНЕСКО-ның деректері бойынша ТМД елдерінің арасындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі (Ресейде - 59). Сонымен қатар 2002 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдері бойынша бұл көрсеткіш 13-ке теңелді, Латвияда, Венгрияда және Чех Республикасында бұл тиісінше 5, 9 және 15-ті құрады. 2004 жылдың басында Ұлыбританияның орта мектептерінде 1 компьютерге 5 оқушыдан келген, АҚШ - та - 4 .

Қазіргі таңда Интернет желісіне қосылуға Қазақстан мектептерінің 44%-ы ғана қол жеткізген. Финляндияда 1999 жылы 90%-дан астам мектеп, 2000 жылы Эстония мектептерінің 100%-ы, Австралия, Канада, Исландия мектептерінің 80%-ы, Венгрияда 58%, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдері бойынша мектептердің орташа есеппен 52%-ы Интернет желісіне шығу мүмкіндігіне қол жеткізген.

Кәсіптік мектептер (лицейлер) мен колледждерде бір компьютерге тиісінше 31 және 25 оқушыдан келеді. Интернет желісіне кәсіптік мектептердің (лицейлердің) 39%-ы және колледждердің 51%-ы қосылған.

4-диаграмма

Интернет жүйесіне қол жеткізген мектептер саны % облыстар бөлінісінде **(қағаз мәтініне қараңыз)**

Жоғары білім беру деңгейінде ақпараттық жүйемен келісілген интерфейсі жоқ оқу процесін басқаратын жеке оқшау жүйе жұмыс істейді.

Жекелеген жоғары оқу орындары ғана қашықтан оқытудың технологиясын енгізген, кейбірінде аталған технология эксперименттік режимде іске асырылуда.

Білім беруді қаржыландыру

Еліміздегі экономикалық жағдайдың тұрақтылығы білім беруге арналған мемлекеттік бюджет шығыстарын едәуір арттыруға мүмкіндік берді (7-кесте).

7-кесте (млн. теңге)

	2000	2001	2002	2003	2004
Мектепке мен оқыту	2975	3322	3880	4553	5742
Жалпы орта білім беру	60007	67224	81744	98906	124979
Кәсіптік беру	2693	3018	3910	5299	6540
Кәсіптік орта білім беру	2662	2528	2989	3495	5001
Жоғары орнынан кейінгі білім беру	8120	9344	11783	12763	15506
Басқа да бағдарламалар	4959	17640	14671	24505	33547
Жиынтығы	81416	103076	118977	149521	191315
ІЖӨ-ге %	3,1	3,1	3,2	3,4	3,8

Білім беруге арналған мемлекеттің шығыстары абсолютті артып қана қоймай, оның өсуінің едәуір қарқынына қарамастан ІЖӨ-ге пайыздық қатынасы да өсті.

Білім беру сапасын бағалау

Оқу жетістіктерін тәуелсіз сыртқы бағалау жүйесі: ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі - ҰБТ), мемлекеттік аралық бақылау (бұдан әрі - МАБ) енгізілуде.

Дегенмен білім берудің барлық деңгейлерінің сапасын бақылаудың және бағалаудың қолданыстағы тетігі білім берудің қазіргі нақты жай-күйін толыққанды көрсете алмайды және басқару үшін кері байланыстың объективті құралы бола алмайды.

Білім беру ұйымдары қызметінің сапасын бағалау көрсеткіштері мен өлшемдері жетілмеген, объективті мониторинг жоқ. Білім беру сапасын басқару компоненттері бытыраңқы жұмыс істейді. Білім алушылардың жетістіктерін сыртқы бағалаудың мазмұны, мақсаты мен міндеттері қазіргі заманғы білім сапасына деген талаптарға сай емес. Білім алушылардың білім деңгейін салыстырмалы зерттеулер жөніндегі халықаралық бағдарламаларға Қазақстан қатыспайды.

Білім және ғылым министрлігінің қолданыстағы статистика жүйесі қазіргі заман талабына мағыналық та, технологиялық аспектілері жағынан да сәйкес келмейді. Мазмұнды әрі оралымды емес, халықаралық стандарттарға сай келетін, кешенділігі мен толықтығы жағынан қажетті бірізді статистикалық ақпараттық ағын әзірленбеген. Білім беру көрсеткіштерінің жүйесі әр түрлі негіздемелерден жиналған деректер жиынымен

алмастырылады, олар пысықталғаннан кейін әкімшілік есептілік терминдерінде т ү с і н д і р і л е д і .

Білім беру жүйесінде қалыптасқан ахуалдың негізгі себептері:
білім беру сапасын бағалауда объективтілікті қамтамасыз етпейтін рәсімдердің б а с ы м д ы ғ ы ;

білім беру жүйесінің жаңадан еніп жатқан жайларға ден қоймауы, білім беру құрылымының мазмұны мен қалыптасуының ескірген қағидаттарына бейілділігі;
педагог кадрларды даярлау деңгейінің төмендігі, таңдаулы кадрлардың тұрақтамауы, ұстаз еңбегінің материалдық жағынан нашар ынталандырылуы;
білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтудың жеткіліксіз қ а р ж ы л а н д ы р ы л у ы ;

оқу-зертханалық, дене шынықтыру, ойын жабдықтарының, оқу және әдістемелік әдебиеттердің қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келмеуі;

білім беру қызметтерінің нарығында сұраныс пен ұсыныстың ғылыми негізделген ұзақ мерзімді болжамының болмауы;

сабақтас мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және білім берудің барлық деңгейлері мен сатыларына арналған бағдарламаларды, олардың мониторингінің тетігін жасау және іске асыру кезінде әдіснамалық қағидаттардың ү й л е с і м с і з д і г і ;

кәсіптік оқытуды және мамандар даярлауды ұйымдастыру процесіне жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестерді тарту тетіктерінің болмауы;

білім беру саласындағы құралдардың, әдістердің және бағалау қызметі технологияларының жеткіліксіз әзірленуі;

педагог, ғылыми-педагог кадрлардың және өндірістік оқыту шеберлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінің нашар дамуы;

білім беруді басқару жүйесін қамтитын бірыңғай ақпараттық білім беру и н ф р а қ ұ р ы л ы м ы н ы ң б о л м а у ы .

Жаңа жүзжылдықтың басында елдегі экономикалық ахуалдың жақсаруы, сондай-ақ "Білім" бағдарламасын іске асыру жөнінде қабылданған шаралар, тұтас алғанда, білім беру жүйесіне оң әсерін тигізді. Алайда мұның өзі білім беру жүйесінің нарықтық экономиканың және ашық азаматтық қоғамның қажеттіктеріне сәйкессіздігін жою үшін ж е т к і л і к с і з .

Келеңсіз құбылыстарды болдырмау, түбегейлі ұйымдық, құрылымдық өзгерістер, білім берудің мазмұнын жаңарту және балаларды оқыту мен тәрбиелеу сапасын жетілдіру, республиканы дамытудың қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлары мен дамуы жоғары елдердің озық тәжірибесіне сәйкес мамандарды даярлау жөнінде шаралар қолдануды қажет етеді.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты адам ресурстарын даярлау сапасын арттыру және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының басымдықтары негізінде көп деңгейлі білім берудің ұлттық жүйесін жаңғырту болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

халықтың барлық жіктері үшін сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету;
білім беруді басқаруды одан әрі демократияландыру негізінде білім берудің ұлттық жүйесінің жұмыс істеуінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарына құрметтеуге тәрбиелеу;

мемлекеттік тілді басым дамыту;

отандық дәстүрлер, әлемдік тәжірибе және тұрақты даму қағидаттары негізінде білім берудің мазмұны мен құрылымын жаңарту;

12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу;

БХСЖ өлшемдеріне сай кәсіптік білім беру және кадрларды даярлау жүйесін қайта құрылымдау;

оқытудың жинақтаушы кредиттік жүйесіне негізделген кадрларды даярлаудың біртұтас үш сатылы моделін жасау (бакалавриат - магистратура - докторантура);

экономиканың барлық салалары үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру;

әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу;

білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру;

білім берудің бірыңғай ақпараттық ортасын қалыптастыру;

білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру;

білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын нығайту;

білім беруді, ғылым мен өндірісті ықпалдастыру;

білім берудің сапасын арттыру үшін экономика секторларының ресурстарын тартудың тетіктерін жасау;

педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыру, білім беру жүйесін қаржымен, кадрмен қамтамасыз етуді жетілдіру, білім беру менеджерлерін даярлау;

көп деңгейлі үздіксіз білім беру жүйесінде мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның мүдделерінің теңдестігін қамтамасыз ету болып табылады.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Алға қойған міндеттерді іске асыру үшін:

білім берудің мазмұнын білім үстемдігі деңгейінен нәтижеге бағдарланған "

құзыретті "

білімге

өзгерту;

білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын, пәндік-кеңістіктегі ортасын және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға және оқу-тәрбие процесінің талаптарына сәйкес келтіру;

білім алушылардың тілдік, ақпараттық, экологиялық, экономикалық және құқықтық даярлығын күшейту;

білім берудің барлық деңгейлеріндегі кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттырудың кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларының құрылымын және мазмұнын жетілдіру;

білім беру деңгейлерінің мазмұны мен оқудың ұзақтығы жағынан сабақтастығын қамтамасыз ету қажет.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттырудың негізгі бағыты балалардың жеке бас мәдениетінің негіздерін, мектепте оқытуға қажетті дағдыларды, мемлекеттік тілді үйренуіне, зияткерлік және эмоциялық дамуына, олардың табиғи және психикалық денсаулығын сақтауға және бекемдеуге жағдай жасау болып табылады.

Халықтың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметтеріне деген артып келе жатқан қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында:

түрлі бейінді (дене тәрбиесі-сауықтыру, гуманитарлық, спорттық, эстетикалық, лингвистикалық, экологиялық, ата-аналарды оқыту жөніндегі, мектепке дейінгі жастағы дарынды балалар үшін, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін т.б.) мектепке дейінгі орталықтарды;

отбасылық балабақшаларды;

түзеу және инклюзивті білім беру кабинеттерін;

қысқа мерзімде болу топтары бар жалпы білім беретін мектептер базасындағы мектепке дейінгі шағын орталықтарды;

балалар бөбекжайын, балабақшаларды, бөбекжай бақшаларды;

"мектеп-балабақша" кешендерін;

білім беру ұйымдарының базасында мектепалды топтары мен сыныптарын ашу және олардың материалдық-техникалық базаларын жаңарту үшін нормативтік құқықтық және қаржылық жағдайларды жасау қажет.

Жергілікті жерлерде мектепке дейінгі тәрбие беруді басқару және әдістемелік қамтамасыз етуді тиісті мамандар білім беруді басқару органдарының құрамында жүзеге асыруға тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын қоғамның өзекті және перспективалы қажеттіктеріне сәйкес ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету үшін "Мектепке дейінгі балалық шақ" республикалық ғылыми-практикалық орталығы

құрылады. Орталық мектепке дейінгі білім беруді дамыту стратегиясын әзірлейді және іске асырады, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің қызметін зерделейді және талдайды, мемлекеттік стандарттарды, инновациялық жобаларды әзірлейді, оқу-әдістемелік құралдарына, ойыншықтарға, ойын құралдарына және т.б. сараптау жүргізеді.

Жұмыс берушілердің мемлекеттік емес мектепке дейінгі ұйымдар желісін дамытуға, сондай-ақ ірі кәсіпорындардың жанынан балабақшалар ашуға үлестік қатысуын ынталандыру тетіктерін жасау қажет.

Мектепте оқу үшін тең бастапқы жағдайлар жасау үшін бес жастағы балалар жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдар базасында мектепалды даярлық бағдарламаларымен қамтылады.

Орта білім беру

Орта білім берудің мазмұны мынадай білім беру өрісін қамтиды: тіл және әдебиет, адамтану, қоғамтану, математика, информатика, жаратылыстану, өнер, технология, дене тәрбиесі.

Жалпы орта білім беруде мыналарды көздейтін 12 жылдық оқытуға көшу жүзеге асырылатын болады:

1) бастауыш білім беру, оқыту ұзақтығы 4 жыл, 1 - 4-сыныптар. Оқыту 6 жастан басталады.

Бастауыш білім беру мазмұны шетел тілін және информатика негіздерін ертерек оқытумен толықтырылатын болады. Бастауыш білім берудің оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен машықтануын дамытуға бағытталған. Бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларын меңгеру білім алушылардың білімін аралық бақылаумен және білім алушылардың оқу жетістіктерін іріктемелі мониторингтік бағалаумен аяқталады;

2) негізгі орта білім беру, оқыту ұзақтығы 6 жыл, 5-10-сыныптар.

Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымның базистік негіздерін меңгеруге, тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі тануына және бейінді бағдарлануына бағытталған. Білім алушылардың бейіналды даярлығы енгізіледі.

Негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушыларға міндетті қорытынды аттестаттау өткізіледі, оның қорытындылары бойынша білім алушылардың қабілеті мен даярлық деңгейін ескере отырып, олардың одан арғы оқу бейіні анықталады;

3) жалпы орта білім беру, бейінді оқыту, оқыту ұзақтығы 2 жыл, 11 - 12-сыныптар.

Жалпы орта білім берудің оқу бағдарламалары білім алушылардың кәсіпке дейінгі даярлығын жүзеге асыру үшін әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми, технологиялық және басқа да бағыттар бойынша бейінді оқытуды енгізе отырып, білім беру мазмұнын саралауды, ықпалдастыруды және кәсіптік бағдарлауды көздейді.

Жалпы орта білім берудің білім алушыларына шығармашылық қызметке және жеке

қабілетін дамытуға ерекше орын бөлінетін жеке білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту мүмкіндігі беріледі. Білім алу деген нұсқаудан гөрі әлем, қоғам және адам туралы жүйеленген түсінікті игеруге, оларды өз бетінше және шығармашылық тұрғыдан пайдалана, кеңейте әрі тереңдете білу мен оған ұмтылуға көшу қамтамасыз е т і л е д і .

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру білім алушыларды міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады, оның бір нысаны ұлттық бірыңғай тестілеу болып табылады.

12 жылдық білім беруге көшу кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. 2010-2011 оқу жылы бірінші сынып оқушылары жаңа жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқитын болады.

О р т а б і л і м б е р у д е :

12 жылдық оқытуға көшудің нормативтік құқықтық базасын жасау; білім беретін оқу бағдарламаларының базалық және бейіндік мазмұнын жетілдіру, эксперименттік оқу жоспарларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу ж ә н е с а р а п т а у ;

оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеуді және басып шығаруды әдістемелік қамтамасыз ету, 12 жылдық мектепке арналған оқу әдебиетін сараптауды ұйымдастыру міндеті болатын "Оқулық" ғылыми-әдістемелік орталығын құру;

оқытудың жаңа педагогикалық, ақпараттық және денсаулық сақтайтын т е х н о л о г и я л а р ы н е н г і з у ;

білім алушылардың оқу жетістіктерін сыртқы ағымдағы және қорытынды бағалау ж ү й е с і н қ ұ р у ;

оқытуды ұйымдастыру қағидаттарын және оқушының білім-білікті, дағдыны енжар "алушы" рөлін танымдық процестің белсенді субъектісіне өзгерту;

облыстық және аудандық (қалалық) білім басқармалары туралы ережені әзірлеу арқылы басқару буындары мен олардың бағыныстылық функцияларының ара жігін н а қ т ы а ж ы р а т у ;

мектепте оқытудың күтілетін нәтижелерін және оларға жету жолдарын мониторинг деректерінің негізінде талқылау процесіне күллі жұртшылықты тарту жүйесін құру; жалпы білім беретін мектептерді салу қажет.

О қ у п р о ц е с і :

өз бетінше білім алу және оны практикада қолдану қажеттігі мен дағдысын қалыптастыруға, танымның ғылыми тәсілдеріне мақсатты және жүйелі түрде баулуға;

оқушыны жеке тұлға және қызмет субъектісі ретінде дамытуға, өмірлік құнды бағдарларын қ а л ы п т а с т ы р у ғ а ;

ұлттық мәдениетті құрмет тұтуға тәрбиелеуге және басқа да мәдени бастаулардан н ә р а л у ы н б о й ы н д а қ а л ы п т а с т ы р у ғ а ;

нарықтық экономика мен сапаның негізгі түсініктерін және оларды практикада

қолдана білуді қалыптастыруға;
бейіналды даярлықты (негізгі орта білім беру) және бейінді оқытуды (жалпы орта білім беру) қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Жалпы орта білім берудің жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты түлектердің базалық құзыреті түріндегі нәтижеге бағытталған білім берудің ұлттық мақсаттары жүйесін орнықтыратын болады.

Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға бағытталған, дарынды балалармен жұмыс нысандары мен әдістері жетілдірілетін, білім беру жүйесінде халықаралық байланыстар дамытылатын болады.

Ауылдық мектептерді дамытуға ерекше көңіл аударылатын болады. Шағын жинақталған мектептерде оқу процесін толыққанды және сапалы өткізу үшін негізгі және аға буындағы біріктірілген сыныптар бірте-бірте қысқарады. Ауылдық жерлерде шағын жинақталған мектептердің балалары үшін бейінді мектеп-интернаттар салу және ашу көзделіп отыр. Ашық білім беру ортасын құру үшін оқу процесін ұйымдастырудың қашықтан оқыту әрі басқа инновациялық нысандары кеңінен енгізілетін болады.

Арнаулы түзеу білім беру ұйымдарының желісі сақталып, кеңейтілетін болады, мүмкіндіктері шектеулі балалардың кәсіпке дейінгі және кәсіптік даярлыққа қол жеткізуі кеңейтіледі, мүмкіндіктері шектеулі адамдарды ықпалдастыра оқытуды мемлекеттік қолдау, бұрын оқыту мүмкін емес деп саналған балаларды оқытуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар әзірленеді, арнаулы білім беруді кадрмен қамтамасыз ету жетілдіріледі.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды ерте жастан түзей-дамыта оқытатын бағдарламаларды іске асыру осы санадағы балалардың елеулі бөлігін қалыпты жалпы білім беретін мектептерде оқыту үшін жағдай жасайды.

Қосымша білім беруді дамыту үшін сол ұйымдардың желісін нығайту мен дамыту нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің балалары мен девиантты мінез-құлыққа бейім балаларды сабақтан тыс жұмыспен мейлінше қамту, мүмкіндіктері шектеулі балалардың қосымша білім беру ұйымдарына баруы үшін жағдай жасау көзделеді.

Арнаулы және қосымша білім беруді дамытуға қатысуға халықаралық, үкіметтік емес ұйымдар, жекеше сектор тартылатын болады.

Ескерту. Кіші бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.11.16 N 443 , 2008.06.25 N 622 Жарлықтарымен.

Техникалық және кәсіптік білім беру

Кәсіптік бастауыш білім беру мен техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша кәсіптік орта білімнің бөлігі орта білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын және адамды жаңа технологиялар мен еңбек нарығы талаптарының деңгейіндегі тиімді кәсіптік қызметке даярлауды қамтамасыз ететін техникалық және кәсіптік білім беруге өзгертілетін болады.

Техникалық және кәсіптік білім беру кадрларды даярлау және кәсіптік білім беру жүйесінің базалық деңгейі болады әрі білікті жұмысшы кадрларды және қоғамдық пайдалы кәсіптік қызметтің барлық негізгі бағыттары бойынша техникалық және қызмет көрсету еңбегінің мамандарын даярлауға бағытталады.

Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарлама мазмұнына және білім алушылардың даярлық біліктілігінің деңгейіне қатысты мынадай оқу бағдарламаларына бөлінеді:

1) техникалық және қызмет көрсету еңбегінің жаппай кәсіптері бойынша жұмыстарды орындаудың машықтануы мен дағдыларын көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру.

Білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді ойдағыдай игеру және кәсіптік дағдыларды алу үшін бейінді болып табылатын жалпы білім беретін пәндер бойынша біріктірілген курстарды зерделеуді көздейді. Оқу аяқталғаннан кейін нақты кәсіп бойынша кәсіптік біліктіліктің қол жеткізген деңгейі (разряд, дәреже, санат) беріледі.

2) неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптерін, мамандықтарды және жоғары технологиялармен әрі кәсіптік қызметпен байланысты экономиканың барлық салаларындағы техникалық және қызмет көрсету еңбегі жұмыстарын орындаудың практикалық дағдыларын игеруді көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру.

Білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны жалпы гуманитарлық, экономикалық, жалпы кәсіптік арнайы пәндерді зерделеуді, кәсіптік дағдыларды иемдену және бекіту жөнінде өндірістік оқудан және кәсіптік практикадан өтуді көздейді. Оқыту аяқталғаннан кейін нақты мамандық бойынша кәсіптік біліктіліктің көтеріңкі деңгейі беріледі (техник-механик, техник-құрылысшы және т.б.).

3) техникалық еңбектің жоғары білікті мамандарын даярлауды, оларды қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ететін техникалық және кәсіптік білім беру.

Білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны техникалық және кәсіптік білім берудің интеграцияланған білім беру бағдарламаларын жоғары оқу орындарының 1-2-курстарының білім беру бағдарламаларымен қоса зерделеуді көздейді.

Екі жылдық оқытуды аяқтап, аралық аттестаттаудан өткеннен кейін білім алушыларға нақты мамандық бойынша кәсіптік біліктіліктің қол жеткізген деңгейі (разряды, сыныбы, санаты) беріледі.

Үш жылдық оқытуды аяқтап, аралық аттестаттаудан өткеннен кейін білім алушыларға нақты мамандық бойынша кәсіптік біліктіліктің жоғары деңгейі беріледі.

Оқытудың толық курсы аяқтап, қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін білім алушыларға орта буын маманы біліктілігі беріледі.

Мәдениет және өнер мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары көрсетілген мамандықтар бойынша білім

алушылардың ерте мамандану және оларды даярлау ерекшеліктері принципін ескере отырып әзірленеді. Оқыту ұзақтығы оқу бағдарламаларының күрделілігі мен берілетін біліктілік деңгейіне байланысты және тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен айқындалады.

Жалпы орта білімі бар адамдар үшін техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары таңдаған мамандығы бойынша болашақ кәсіптік қызметті айқындайтын жалпы кәсіптік, экономикалық және арнайы пәндерді және оқу-өндірістік жұмыстарды орындауды зерделеуді көздейді.

Ескерту. Кіші бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.11.16. N 443 , 2008.06.25 N 622 Жарлықтарымен.

Орта білімнен кейінгі білім беру

Кәсіптік орта білім берудің жекелеген бағдарламаларын іске асыру жаңа деңгейге - орта білімнен кейінгі білім беруге көтеріледі. Орта білімнен кейінгі білім беру гуманитарлық мамандықтар бойынша қызмет көрсету және басқару еңбегінің кіші мамандарын даярлаудың білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру үшін кәсіптік білім беру мен кадрлар даярлаудың қазақстандық жүйесінің бөлігі ретінде көзделеді және орта білім беру базасында қамтамасыз етіледі. Орта білімнен кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган еңбек нарығындағы қажеттіктерге сәйкес айқындайтын болады. Оқытудың ұзақтығы кемінде 2 жыл, техникалық және кәсіптік білім беру базасында - кемінде 1 жыл.

Осы сатының білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны (кәсіптікпен қатар) жоғары білім берудің 1-2 курстарының білім беретін оқу бағдарламаларымен үйлестіруді қамтамасыз ететін әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану ғылымы пәндерін қамтитын интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын зерделеуді көздейді.

Оқу аяқталғаннан кейін экономика, құқық, әлеуметтану, психология, медицина және ақпараттық технологиялар саласындағы қызмет көрсету және басқару еңбегінің кіші маманы деңгейінде біліктілік беріледі.

Техникалық кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беруді дамыту үшін: кәсіптік білім беру ұйымдарының желісін құрылыс салу арқылы дамыту және кеңейту, жергілікті бюджеттер және жекеше сектор қаражаты есебінен материалдық-техникалық базасын нығайту;

өңірлік деңгейде кәсіптік білім беру мен техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарын даярлауды және аса тапшы, стратегиялық мәні бар кәсіптер мен мамандықтар бойынша республикалық бюджеттен қаржыландыруды арттыру;

жеңілдікпен салық салу жүйесі есебінен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында жекеше сектордың инвестицияларын ынталандыру тетігін ж а с а у ;

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

арнайы пәндердің оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу және енгізу;
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын
а қ п а р а т т а н д ы р у ;

мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті кәсіптік білім беру стандарттарын Білім беруді халықаралық стандартты жіктеумен БХСЖ, 1997 жыл/ үйлестіру;
оқытудың кредиттік жүйесін енгізу, жоғары білім беретін оқу бағдарламаларын техникалық және орта білімнен кейінгі білім берудің бағдарламаларымен үйлестіру;
Республикалық және өңірлік біліктілікті беру және қуаттау орталықтарын құру арқылы кәсіптік даярлықтың сапасын, біліктілікті беру мен қуаттауды тәуелсіз бағалау жүйесін енгізу көзделеді.

Жоғары сапалы техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарын даярлау Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын табысты іске асыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді және тұтас алғанда, өнеркәсіпті, құрылысты, шағын және орта бизнесті, қызмет көрсету мен экономиканы дамытуға серпін болады.

Орта білімнен кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары тиісті оқу және материалдық базасы мен лицензиясы болған жағдайда әртүрлі деңгейдегі білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыра алады.

Ескерту. Бұл кіші бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.11.16. N 443 , 2008.06.25 N 622 Жарлықтарымен.

Жоғары білім беру

Жоғары білім беруді дамыту үшін:
кадрларды даярлауда бөлшектеуді, бір бейінділікті, теңдестік бұзылуын және артық қосарлануды жою үшін жоғары білім беру мамандықтары жіктемесін одан әрі ж е т і л д і р у ;

оқытудың ілгерішіл жүйелері мен технологияларын, оның ішінде кредиттік және қашықтан оқытуды әзірлеу мен енгізу;

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді үш сатылы модельге өзгерту: бакалавриат-магистратура-докторантура;

құрылымы және мазмұны жағынан халықаралық бағдарламалармен үйлестірілген бакалавриаттың білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу;

білім беру гранттарының санын ұлғайту, студенттерге кредит берудің жаңа үлгісін жасау арқылы жоғары білімге қол жетімділікті арттыру;

кәсіби кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырысты елдің таңдаулы жоғары оқу орындары арасында бөлу тетігін енгізу;

элеуметтік серіктестікті дамыту, жұмыс берушілерді студенттердің кәсіптік практикаларын, тағылымдамаларын ұйымдастыруға, түлектерді жұмысқа о р н а л а с т ы р у ғ а т а р т у ;

жоғары білімді мамандар даярлау үшін ғылыми ұйымдардың әлеуетін тартудың нормативтік құқықтық актілерін және ұйымдық-экономикалық тетіктерін әзірлеу;
жоғары оқу орындарының қаржы-шаруашылық қызметінің ашықтығын қамтамасыз е т у ;

жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базасын н ы ғ а й т у м е н ж а ң а р т у ;

жоғары оқу орындары мен филиалдарға кадрмен қамтамасыз ету және материалдық-техникалық базасы бөлігінде қойылатын талаптарды күшейту;
стратегиялық жоспарлауға, сапа менеджменті жүйесіне және дербестікті арттыруға негізделген жоғары оқу орындарын басқарудың жаңа қағидаттарын қалыптастыру;

ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар оқытушылардың профессорлық оқытушылық құрамы жалпы санының үлесін арттыру;

халықаралық стандарттарға сәйкес ұлттық аккредиттеу жүйесін және қазақстандық жоғары оқу орындарының аккредиттеу рәсімінен өтуінің ынталандыру тетігін дамыту ү ш і н ж а ғ д а й л а р ж а с а у ;

Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруды қамтамасыз ететін техникалық мамандықтар бойынша жоғары білікті кадрларды басымдықпен даярлау ү ш і н ж а ғ д а й л а р ж а с а у ;

сырттай оқыту нысаны бойынша мамандарды даярлаудың мазмұны мен к ұ р ы л ы м ы н р е т т е у ;

Оқу процесін ұйымдастырудың дәстүрлі жүйесінің орнына оқытудың кредиттік жүйесі енгізіледі, ол білім алушылардың өз бетінше белсенді жұмыс істеуін ынталандырады, жеке білім бағытын таңдаудың болуын, ұтқырлығын, бакалаврлардың, магистранттардың және докторанттардың академиялық еркіндігінің үлкен дәрежесін қамтамасыз етеді, білім туралы құжаттардың әлемдік білім беру кеңістігінде т а н ы л у ы н а ә с е р е т е д і .

Бакалавриаттың алғашқы екі курсында жалпы білім беру пәндері циклының мазмұны мейлінше біріздендіріледі, ал бакалавриаттың келесі курстарында даярлық базалық пәндер бойынша жүзеге асырылатын болады. Жоғары оқу орнының құрамдас бөлігі шеңберінде бейінді даярлық іске асырылатын болады.

Бакалавриатта оқытудың нормативтік мерзімі, медицина және зооветеринар мамандықтарынан басқа, барлық мамандықтар бойынша 4 жылды құрайды. Бакалавриаттың білім беретін оқу бағдарламаларын игеру белгілі бір саладағы бакалаврдың тиісті академиялық дәрежесі берілетін қорытынды мемлекеттік аттестаттау мен а я қ т а л а д ы .

Одан кейін бакалаврдың 1-2 жылдық магистратурада білімін жалғастыруға м ү м к і н д і г і б о л а д ы .

Ескерту. Бұл кіші бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.11.16. N 443 Жарлығымен.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

Магистратурада дайындық екі бағытта жүргізіледі:
бейіндік тереңдетілген даярлық;
ғылыми-педагогикалық даярлық.

Магистратураның білім беретін оқу бағдарламалары іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу даярлығы мен ғылымның бір бағыты бойынша пәндерді тереңдетілген з е р д е л е у д і к ө з д е й д і .

Магистратурада мамандар даярлауға бөлінетін қаражаттың көлемін едәуір ұлғайту, сондай-ақ олардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету қажет.

Магистратураны бітірушілерге "магистр" академиялық дәрежесі беріледі. Магистрлердің докторантурада оқуын жалғастыруға немесе ғылыми-педагогикалық және өзге де еңбек қызметімен айналысуға құқығы бар.

Докторантура жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың аяқтаушы білім беру деңгейі болады.

Докторлық бағдарламалар бойынша оқу мерзімі кемінде 3 жыл.

Докторантура бағдарламасын игерген және докторлық диссертация қорғаған адамдарға философия докторы (Ph.D) академиялық; бейіндік докторантураны игерген кезде - бейіні бойынша доктор (медицина, музыка, білім беру, құқық және т.б.) д ә р е ж е с і б е р і л е д і .

Ph.D докторантурасына аспирантура, адъюнктура, ізденушілік, шығармашылық демалыстар беру, дәстүрлі докторантура және ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлаудың барлық басқа да нысандары қамтылады.

Докторлық бағдарламалар оқу мен зерттеу қызметі арасындағы оңтайлы теңдестікті, кең ауқымды ғылыми, білім беру және әдіснамалық даярлық алуды, оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етеді.

Білім мен ғылымның ықпалдасуы мынадай бағыттарда жалғастырылады:
ресурстарды басым ғылыми бағыттарға шоғырландыру;

жоғары оқу орындарында оқу-ғылыми ұйымдарын, ғылыми зертханаларды және ғылыми ұйымдарда жоғары оқу орындары кафедраларының филиалдарын, т е х н о п а р к т е р д і к ұ р у ;

ғылыми бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың ғылыми зерттеулерді бірлесіп жүргізуі.

Педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру

Педагог кадрларды даярлау, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау с а л а с ы н д а :

жетекші университеттер базасында жоғары оқу орындарының педагог кадрларын даярлау, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесін қалпына келтіру

және одан әрі дамыту;

педагог мамандықтарының білім беретін оқу бағдарламалары мазмұнын жаңарту, білім берудің вариативтік (өзгермелі) үлгілерін жасау;

педагог кадрларды даярлау бағдарламаларына оқытудың бүкіл жылдары бойы үздіксіз педагогикалық және психологиялық-педагогикалық практиканы енгізу;

екінші мамандықтың қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша, оның ішінде мемлекеттік тіл, шетел және ана тілдері, информатика, психология бойынша пән мұғалімдерін қайта даярлау;

болашақ мұғалімдер үшін олардың даярлық деңгейін тәуелсіз кәсіби бағалаумен қоса үш айдан бір жылға дейінгі педагогикалық тағылымдаманы енгізу;

12 жылдық мектепте және мектепке дейінгі, арнаулы, жалпы қосымша және кәсіптік білім беру ұйымдарында жұмыс істеу үшін педагог мамандықтар бойынша мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырысты ұлғайту;

педагогтерді және басшыларды аттестаттаудың және қайта аттестаттаудың, мұғалімнің педагогикалық қызметін сертификаттаудың жаңа жүйесін әзірлеу;

педагогтердің еңбегін ынталандырудың және оларды жергілікті жерлерде тұрақтандырудың тетіктерін жетілдіру;

білім берудің жаңа мазмұнын, оқыту технологиялары мен сабақ беру әдістемелерінің өзгергенін ескере отырып, мұғалімдер мен білім беру ұйымдарының басшыларын қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

білім беру ұйымдары басшыларын білім берудегі менеджмент бағдарламалары бойынша даярлауды жүзеге асыру;

жоғары оқу орындары арасындағы, халықаралық шарттар мен бағдарламалардың негізінде мемлекеттік жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыру мен қайта даярлау көзделеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін педагог кадрларды даярлау кезінде қосымша мамандандыру мүмкіндігі көзделетін болады: мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс жөніндегі педагогика-психология, мектепке дейінгі білім беру менеджменті, мектепке дейінгі жастағы балалар үшін шетел тілі, қосымша білім беру педагогикасы.

Білім беретін оқу бағдарламалары инновациялық педагогикалық технологияларды, ізденушілік, зерттеушілік және шығармашылық қызмет дағдыларын, оқытудың ақпараттық және қашықтан оқыту технологияларын меңгерген көп тілді мұғалімді даярлауға бағдарланатын болады.

Білім беруді ақпараттандыру

Ақпараттандыру блогын іске асырудың негізгі бағыттары:

АКТ-ны оқу процесіне енгізу жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; компьютер техникасымен қамтамасыз етілудің әлемдік көрсеткіштеріне (1 компьютерге келетін оқушылардың саны - 10-15) қол жеткізу үшін орта білім беру ұйымдарын одан әрі компьютерлендіру;

орта білім беру ұйымдарын Интернет желісіне қосу;
білім берудің барлық деңгейлерінде қашықтан оқыту технологияларын әзірлеу және
е н г і з у ;

өңірлерде білім беру ақпараттық ресурстар орталықтарын және министрліктің білім
б е р у п о р т а л ы н қ ұ р у ;

орта білім беру ұйымдарын білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес
электрондық оқу басылымдарымен қамтамасыз ету;

мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасы негізінде порталды және
өңірлердің ресурстар орталықтарын біріктіру;

білім беру ұйымдарының мониторинг, талдау және басқару ақпараттық жүйесін
е н г і з у .

Аталған бағыттарды іске асыру оқу процесіне ақпараттық коммуникациялық технологияларды енгізу және білім беру жай-күйінің мониторингі мен оны талдаудың дәйекті деректері негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау есебінен білім беру сапасының деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.

Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі

Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің міндеттерін (бұдан әрі - БСБҰЖ)
і с к е а с ы р у ү ш і н :

білім беру сапасын институционалды бағалау оның барлық деңгейлері бойынша
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы ;

білім беру сапасын, білім алушылардың оқудағы жетістіктерін ішкі және сыртқы
бағалау р ә с і м д е р і е н г і з і л е д і ;

білім беру индикаторларының жүйесі әзірленеді;

білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің деңгейін анықтайтын стандартталған
бағалау құралдары мен аспаптары жетілдіріледі;

білім беру сапасын бағалауды жүзеге асыратын инфрақұрылым құрылады;

білім беру ұйымдарының басшы лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары
к ө т е р і л е д і .

Білім беруді ұйымдастыруды сырттай бағалау үшін барлық типтегі және түрдегі
білім беру ұйымдарын лицензиялау, мемлекеттік аттестаттау, аккредиттеу, ұлттық
бірыңғай тестілеу, мемлекеттік аралық бақылау, сондай-ақ саралау мен техникалық
және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымдарда білім алушыларға біліктілік беру
р ә с і м д е р і к ө з д е л е д і .

Ішкі бағалау өзін-өзі бағалау (өзін-өзі аттестаттау), сапа менеджменті, үлгерімді
ағымдағы бақылау, білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын, білім алушылардың
оқудағы жетістіктерін бағалау нысанында көзделеді.

Білім алушыларды орталықтандырылған тестілеу білім берудің барлық
деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленетін
стандартталған тапсырмалардың базасында өткізілетін болады.

Білім алушылардың білім жетістіктерін аралық мемлекеттік бақылау нысанында мемлекеттік бақылау бастауыш білімді (4-сынып), негізгі орта білімді (10-сынып) аяқтаған кезде, жоғары оқу орындарының екінші курсынан (медициналық мамандықтар үшін үшінші курстан) кейін жүргізіледі.

БСБҰЖ-ның жұмыс істеуіне тиісті инфрақұрылым қолдау көрсететін болады.

Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттары ұлттық орталығы (БТМСҰО) білім алушылардың оқудағы жетістіктерін барлық білім беру деңгейлері мен сатыларында орталықтандырылған тестілеу нысанында сыртқы бағалауды жүргізеді, әдіснамалық, технологиялық, техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді, мемлекеттік жалпыға міндетті білім бұру стандарттарын және бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастырады, білім беру стандарттарының мазмұнын әзірлеу үшін ғылыми, әдіснамалық және әдістемелік база құрады.

Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық орталығы (БСБҰО) білім беру жүйесі жай-күйінің мониторингін жүзеге асырады, Қазақстан Республикасында білім беру саласын дамыту стратегиясын әзірлеуге қатысады, сапаны талдауды және бағалауды жүзеге асыру үшін статистикалық дерекқор жасайды, ақпараттық ресурстарды білім беру саласының бірыңғай мониторингі жүйесіне біріктіреді және Қазақстан Республикасында білім берудің жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындайды.

Ұлттық аккредиттеу орталығы (ҰАО) институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуді жүргізеді, сапаны бағалауды Болон процесінің шарттарымен үйлестіру үшін аккредиттеудің келісілген өлшемдері мен рәсімдерін әзірлейді, шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттарды тану және нострификаттау рәсімдерін жүзеге асырады, сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық бағдарламаларға қатысады.

Сертификаттау, сапа менеджменті және консалтинг орталығы (ССМКО) 9000 және 14000 сериялы ISO стандарттарының негізінде сапа менеджменті жүйелерін жоғары оқу орындарына енгізуді және сертификаттауды, сапа менеджменті саласында оқу-әдістемелік және нормативтік құжаттаманы әзірлеуді жүзеге асырады.

Республикалық біліктілікті беру және қуаттау орталығы (РББҚО) жұмысшы кадрлар мен техникалық және қызметтер көрсету еңбегі мамандарының кәсіби даярлығын, олардың біліктілігін берумен қуаттауды бағалауды тәуелсіз жүргізеді.

Ескерту. Бұл кіші бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.11.16. N 443 , 2008.06.25 N 622 Жарлықтарымен.

6. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

Қазақстандық білім берудің жаңа моделіне көшуге жағдай жасау үшін экономикалық негізді нығайту қажет. Бағдарламаны іске асыруға қажетті қосымша

шығыстардың жалпы сомасы 2004 жылдың базалық бағасында 330 812,0 млн. теңгені құрайды (8-кесте).

8-кесте (млн.теңге)

	2005	2006	2007	2008	2009	2010	Барлығы
Р е с п у .							
б л и к а л ы қ							
бюджет	23379,8	34036,9	32150,8	26216,8	29484,4	30501,1	175769,8
Ж е р г і .							
л і к т і							
бюджет	18022,4	19477,3	21705,1	31552,5	32115,6	32169,3	155042,2
М е м л е .							
к е т т і к							
бюджет	41402,2	53514,2	53855,9	57769,3	61600,0	62670,4	330812,0

Бағдарламаны 2006-2010 жылдары қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлаған кезде нақтыланатын болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның индикаторлары

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2006.05.24 N 123 , 2008.06.25 N 622 Жарлықтарымен.

Бағдарлама кезең-кезеңімен іске асырылатын болады.

Бірінші кезең (2005-2007 жылдар)

Өңірлік деңгейде білім беруді басқарудың бірізділік жүйесі құрылатын болады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде әйелдерге жұмыс істеуге мүмкіндік беретін және әлеуметтік жағынан қорғалмаған әрі тұрмысы төмен отбасыларға қолдау көрсететін әлеуметтік институт ретінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық база және ғылыми-әдістемелік негіздер әзірленетін болады.

Кәсіпорындарға жеңілдікпен салық салу, ауылдық мектептерде көп функционалды білім беру ұйымы ретінде "мектеп - балабақша" кешендерін құру мақсатында оларды қайта құрылымдау жөнінде нормативтік құқықтық актілер әзірленетін, сондай-ақ " Мектепке дейінгі балалық шақ" республикалық ғылыми-практикалық орталығы құрылатын болады.

Балабақшалар салу және білім беру ұйымдарының базасында мектепке дейінгі

шағын орталықтарды құру есебінен мектепке дейінгі ұйымдар желісі кеңейеді.

Арнаулы білім беру жүйесінде:

мүмкіндіктері шектеулі балаларды қамту кеңейтіледі;

арнаулы түзеу білім беру ұйымдарының желісі сақталады және кеңейтіледі;

мүмкіндіктері шектеулі балаларды есепке алудың бірыңғай нысаны жасалатын
б о л а д ы ;

мүмкіндіктері шектеулі балалардың кәсіпке дейінгі және кәсіптік даярлыққа қол
ж е т к і з у і к е ң е й е д і .

Қосымша білім беру жүйесінде:

кәмелеттік жасқа толмағандардың сабақтан бос уақытта іспен шұғылдануы артады;

оқушылардың қызығушылықтарына қарай бірлестіктерге қатысуы артады;

жат мінез-құлықты балалардың саны азаяды.

О р т а б і л і м б е р у д е :

12 жылдық оқытуға көшудің нормативтік құқықтық және ұйымдастырушылық
ж а ғ д а й л а р ы ж а с а л а д ы ;

"Оқулық" ғылыми-әдістемелік орталығы құрылады;

сыртқы ағымдағы және қорытынды бағалау жүйесі құрылады;

оқытуды ұйымдастыру қағидаттары мен оқушының білім-білікті және дағдыны
енжар "алушы" рөлі білім беру процесінің белсенді субъектісіне өзгереді;

мектептегі оқытудың күтілетін нәтижелерін және мониторинг деректерінің
негізінде оларға қол жеткізу жолдарын талқылау процесіне күллі жұртшылықты тарту
ж ү й е с і қ ұ р ы л а д ы ;

аудандық білім бөлімдері жанындағы әдістемелік кабинеттерді қалпына келтіру
арқылы әдістемелік қызмет жетілдіріледі;

оқытудың жаңа педагогикалық, ақпараттық және денсаулық сақтайтын
технологиялары енгізілетін болады.

Жыл сайын 54 мың педагог, оның ішінде 31 мыңы мемлекеттік бюджет қаражаты
есебінен біліктілігін арттырудан өтетін болады.

Ауылдық аумақтарды дамыту мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде ауыл
мектептерін салу жүзеге асырылатын болады. Бұдан басқа, республикалық бюджет
қаражаты есебінен қалалық жерлерде қосымша 2005 жылы 7 мектеп, 2006 жылы 8
мектеп және 2007 жылы 11 мектеп салу жүзеге асырылатын болады.

Көру қабілетінде ақауы бар балаларға арналып 2005-2007 жылдары екі
мектеп-интернат салынады, бұл 500 мұқтаж баланы оқытумен қамтуға мүмкіндік
б е р е д і .

2005 жылы - 780, 2006 жылы - 880, 2007 жылы - 970 білім беру объектісін жөндеу
к ө з д е л е д і .

2010 жылға дейін 6238 білім беру ұйымы лингафон және мультимедиа
кабинеттерімен қамтамасыз етілетін болады, бұл оқушылардың тіл дайындығын

жақсартуға ықпал ететін болады.

Түзеу білім беру ұйымдары мүгедек балаларды оқыту үшін арнайы техникалық және компенсаторлық құралдармен қамтамасыз етіледі.

Мектептен тыс ұйымдардың желісін ұлғайту балаларды қосымша бағдарламалармен қамтуды 20-25%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай шара кәметке толмағандардың сабақтан тыс бос уақытында іспен шұғылдану проблемасын шешуге және жат мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдердің санын азайтуға көмектеседі.

Кәсіптік білім беруде:

кәсіби кадрларды даярлауды ұйымдастыруға экономиканың нақты секторын тартудың нормативтік құқықтық негізі жасалады;

еңбек нарығы мен қоғамның қажеттіктерін қанағаттандыру үшін кәсіптік білім берудің қол жетімділігі мен беделі өседі (техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқуын жалғастыратын мектеп бітірушілердің үлесі кемінде 30%-ды құрайды);

техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жұмыс берушілермен әрі шағын және орта бизнес субъектілерімен байланысы нығаяды, әлеуметтік серіктестік субъектілерінің ынтымақтастығының тиімділігі артады;

жұмыс берушілер мен МЖБС-ның қазіргі талаптарына сәйкес келетін жаңа оқу, оқу-әдістемелік әдебиет, оқыту құралдары жасалады;

кредиттік оқыту жүйесі енгізіледі, техникалық және орта білімнен кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларын жоғары білім бағдарламаларымен үйлестіру қамтамасыз етіледі;

білім беру процесінде АКТ-ны қолдану кеңейеді;

техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында компьютерлер саны 25 оқушыға 1 компьютерден келу арақатынасына дейін жеткізіледі;

жас мамандарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, оларды қайта даярлау (мақсатты келісімшартпен даярлауды дамытуды қоса алғанда), кәсіптік жолын өзі таңдауына, оның ішінде жеке ісін ашуға дайындықты қалыптастыру жүйесі жасалады;

техникалық және кәсіптік білім беретін мемлекеттік оқу орындарының материалдық-техникалық базасы нығайтылады;

жұмысшы кадрлар мен техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандарының кәсіптік даярлығын бағалауды, оларға біліктілікті беру және қуаттаудың тәуелсіз жүйесі құрылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде Қазақстанның Болон процесіне қосылуына жағдай жасалатын болады.

Жоғары оқу орындарының кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне қойылатын біліктілік талаптарын көтеру нәтижесінде азаматтық жоғары оқу орындарының және олардың филиалдарының желісі ретке келтіріледі.

Жыл сайын жоғары оқу орындары үшін саны 100-ге жететін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар және оқу-әдістемелік кешендер әзірленетін болады (әрі оның 30 %-ға жуығы мемлекеттік тілде), 300-ден астам шетелдік оқу әдебиеттері, оның ішінде магистратураның жаңа білім беретін оқу бағдарламаларының пәндері және Ph.D докторлық бағдарламалары бойынша сатып алынады. Оқу әдебиеті неғұрлым басыңқы, ең алдымен техникалық, технологиялық, аграрлық, ветеринарлық және педагогикалық мамандықтарға бөлінетін болады.

Аспирантураны, дәстүрлі докторантураны Ph.D докторантурасына кезең-кезеңімен өзгерту және кадрларды даярлаудың үш деңгейлі жүйесіне (бакалавриат - магистратура - докторантура) толығымен көшу жүзеге асырылады. Жаңа бағдарламалар бойынша магистратураға жыл сайын мемлекеттік тапсырыспен қабылдау 2500-ден астам адамды құрайтын болады, Ph.D докторантурасына - 100 адам. Аккредиттелген докторлық бағдарламалары бар жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестік қарым-қатынаста Ph.D докторларын даярлау жөнінде 5 жоғары оқу орнының базасында орталықтар құрылатын болады. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін жыл сайын Қазақстанның 3 мың азаматы жетекші шетелдік жоғары оқу орындарына жіберілетін болады.

М ы н а л а р :

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу бағдарламалары жаңартылады, пәндік білімнің іргелілігі, кең бейінділігі, оларды меңгеру мен қолданудың шығармашылық деңгейі қамтамасыз етіледі;

студенттердің белсенді өзіндік жұмысы, оқыту бағытын жеке таңдауы, білім алушылардың, оқытушылардың академиялық ұтқырлығы үшін жағдай қамтамасыз етіледі ;

сапа менеджменті жүйесі енгізіледі, жоғары оқу орындарының кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын аккредиттеу үшін жағдай жасалады;

жұмыс берушілердің және басқа да әлеуметтік серіктестердің жоғары білім беру проблемаларын шешуге, оның ішінде қазіргі заманғы біліктілік талаптарымен сәйкес келетін білім стандарттарын әзірлеуге, мамандар даярлауға тапсырысты түзуге, студенттердің өндірістік практикасы мен тағылымдамасын ұйымдастыруға қатысуы қ а м т а м а с ы з е т і л е д і ;

неғұрлым дайындалған жастарды іріктеу мақсатында студенттер контингентін қалыптастыру тетігі жетілдіріледі;

білім беру гранттарының санын ұлғайту және студенттерді оқытуды кредиттеудің жаңа моделін жасау арқылы жоғары білімге қол жеткізу деңгейі арттырылады;

сабақтастықты күшейту, үздіксіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру және ғылыми компоненттерін, магистратураның және Ph.D докторантураның білім беретін оқу бағдарламаларын оңтайлы ұштастыру арқылы жоғары білікті ғылыми-педагог кадрларды даярлаудың тиімділігі артады, сапасы жақсарады, мерзімі қысқаратын

болады, олар жастардың ғылымға келуіне жағдай жасайды; жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарға қойылатын лицензиялау, аттестаттау, аккредиттеу талаптарына, оның ішінде Ph.D дәрежесіне ие кадрлардың болуы міндетті саналатын бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі;

Ғылыми ұйымдардың басшылары, мамандары және басқа қызметшілері лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі;

ғылым кандидаттары мен докторларының дәстүрлі дипломдарының және Ph.D дипломдарының қатар танылуына кепілдік беретін тетік жасалады;

таңдаулы (элита) жоғары оқу орындарын дамыту үшін жағдай жасалады.

Жетекші университеттердің базасында жоғары оқу орнының оқытушыларын қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталықтары жұмыс жасайтын болады. Осы орталықтарда біліктілікті арттыру бағдарламаларымен 10,3 мыңнан астам педагог қ а м т ы л а д ы .

Бағдарламаның орындалуы нәтижесінде білім берудің бірыңғай ақпараттық ортасының негіздері қаланатын болады, ол:

білім беруді дамытуды ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесінің негіздерін қалыптастыруға;

бірыңғай көлік ортасы негізінде білім беру объектілері мен процестерін тиімді басқару үшін салалық ақпараттық жүйе құруға;

ауыл мектептерін қоса алғанда, білім беру ұйымдарында аталған мекемелердің жалпы білім беру ресурстарына қол жеткізуін ұйымдастыру, жоғары білікті педагог кадрларды ұтымды пайдалану, әрбір білім беру ұйымы үшін жаңа АКТ саласында мамандарды даярлау арқылы білім беру ұйымдарында оқыту сапасын арттыруға;

2005 жылдың соңына дейін республика мектептерінің 75%-ын Интернетке қосуға;

2007 жылы мектептердегі компьютерлер санын 35 оқушыға 1 компьютер ара қ а т ы н а с ы н а дейін жеткізуге;

қазіргі заманғы электрондық оқулық басылымдарын әзірлеуге және оқу процесіне енгізуге, жалпы білім беретін мектептің негізгі пәндері бойынша электрондық оқулық басылымдарының таралымын ұйымдастыруға және оларды дәстүрлі оқыту құралдарымен кіріктіруді жүзеге асыруға;

республиканың жоғары оқу орындары мен өңірлерінде білім берудің ақпараттық ресурстар орталықтарын құруға;

барлық деңгейдегі білім беру мекемелерінің оқытушыларын әдістемелік қолдау жүйесін құруға, жаңа АКТ саласында педагог, әкімшілік және инженер-техник кадрларды даярлауды және қайта даярлауды жүргізуге;

қашықтан оқыту технологиялары мен АКТ-ны қоса алғанда, ашық білім беру саласында стандарттау жөнінде нормативтік құжаттар базасын құруға мүмкіндік береді .

Білім беру статистикасын жетілдіру статистикалық деректерге, білім беру сапасы туралы ақпаратқа негізделген Қазақстан Республикасында білім беру мониторингінің жаңа жүйесін құруға ықпал етеді.

Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі білім сапасын кешенді емтихандар арқылы бағалауға, білім беру сапасы мониторингінің ұлттық жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді. Білім беру сапасын сыртқы және ішкі бағалаудың объективті құралдары жасалып, білім беру ұйымдарын кезең-кезеңімен дәрежелену енгізілетін болады. Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі білім беру жүйесінің тиімділігі туралы нақтылы ақпарат алуға, білім беруді дамыту стратегиясын жоспарлауға, жергілікті атқарушы органдардың, білімді басқару жергілікті органдарының оқыту нәтижелері үшін жауапкершілігін арттыруға, білім беру процесіне қатысушыларды үздіксіз оқытуға негізделуін қамтамасыз етуге, жағымсыз нәтижелерді болдырмау жөнінде шаралар қолдануға мүмкіндік береді. Әрбір оқу жылының нәтижелері бойынша білім берудің жай-күйі туралы ұлттық баяндама жарияланатын болады.

Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық орталығы, Ұлттық аккредиттеу орталығы, Сертификаттау, сапа менеджменті және консалтинг орталығы, Республикалық біліктілікті беру және қуаттау орталығы өз қызметтерін бастайды.

Екінші кезең (2008-2010 жылдар)

Бағдарламаны толық ауқымда іске асыру, жинақталған тәжірибені, еңбек нарығы мен елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың дамуын ескере отырып, оны түзету б а с т а л а д ы .

Балаларға үш жастан бастап міндетті білім беруге біртіндеп көшу есебінен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың барлық нысандарына ортақ қол жеткізу үшін жағдайлар жасалатын болады. Мектепке дейінгі тәрбие жүйесінің әлеуеті мен ресурстары:

1) 23 мың орындық 164 мектепке дейінгі ұйымдардың құрылысы;
2) білім беру ұйымдарының базасында 20 мың орындық 800 мектепке дейінгі ш а ғ ы н о р т а л ы қ т а р құру;

3) мүмкіндіктері шектеулі балаларды мектепке дейінгі білім беру жүйесіне тарту үшін 380 түзеу және инклюзивті білім беру кабинеттерін ашу есебінен артады.

Бес жастағы балалардың 75 %-ы жақсартылған оқу-әдістемелік, кадрлық және материалдық-техникалық базасы бар "мектепалды" институтымен қамтылатын болады.

Атаулы әлеуметтік көмек алатын тұрмысы төмен отбасыларын білім беруде қолдау жүйесі балалардың 30 %-ын мектепке дейінгі бағдарламалармен қамту есебінен құрылатын болады.

Орта білім беру жүйесінде:
12 жылдық орта білім беруге көшу жүзеге асырылады;
нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттары әзірленеді;

кәсіби кадрларды даярлауды ұйымдастыруға экономиканың нақты секторын тартудың заңнамалық базасы жасалады; кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны өзгереді; техникалық әрі кәсіптік білім беру ұйымдарының жеткілікті желісі құрылады және модельдері жетілдірілетін болады.

Дамуында ауытқулар бар балалардың білім алуына, оларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеуге қолдау көрсетуге және олардың қоғам өміріне етене араласуына басқалармен тең жағдайлар жасалады, кәмелетке толмағандардың оқудан бос уақытта іспен шұғылдану проблемалары шешіледі, балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруға жағдайлар жасалады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде бакалаврлық, магистрлік, докторлық бағдарламалар және оқытудың кредиттік жүйесі бойынша жоғары білікті кадрларды даярлауға толығымен көшу жүзеге асырылатын болады. Басымдықты мамандықтар бойынша кадрларды даярлауға арналған білім беру гранттарының саны артатын болады. Профессор-оқытушы құрамының дәреже иеленуінің орташа көрсеткіші 40%-ға жетеді. Тұтас алғанда, бұл кезеңде жоғары білім берудің желісі кеңейіп, көрсеткіштері тұрақталады.

Жоғары оқу орындарында сапа менеджменті жүйесін, шетелдік жетекші аккредиттеу агенттіктерінің талаптары деңгейінде институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуді енгізумен Болон декларациясының негізгі қағидаттарын іске асыруға және Дүниежүзілік сауда ұйымының шарттарына сәйкестікке қол жеткізіледі.

Қазақстан PISA, TIMSS, CIVIC, SITES, LES халықаралық зерттеулер шеңберінде білім алушылардың нақты жетістіктерін салыстырмалы талдауға, жоғары білім беруде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі ENQA, INQAANE және басқа да агенттіктердің халықаралық желілеріне қатысатын болады.

Мониторинг деректерінің, білім берудің жай-күйі туралы ұлттық баяндаманың, білім беру ұйымдарын дәрежелену нәтижелерінің негізінде түрлі кәсіптерге сұраныс, әр түрлі білім беру ұйымдарында, өңірлерде білім беру қызметтерінің болуы және оның сапасы туралы қоғамды хабардар ету жүйесі құрылатын болады, білім беруді дамыту стратегиясы әзірленеді.

Біліктілікті арттыру институттары білім беруді дамыту орталықтарының мәртебесіне өтеді.

2010 жылдың соңына қарай мектептердегі компьютерлердің саны 20 оқушыға 1 компьютерден келетін арақатынасқа жеткізілетін болады.

Білім беруді қаржыладырудың жаңа тетіктері әзірленетін болады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде білім берудің тиімді жұмыс істейтін қазақстандық жүйесі қалыптасып, қазіргі әлемде Қазақстанның лайықты орын

алуына мүмкіндік беретін оқыту мен кадрларды даярлаудың сапалы биік деңгейіне қол жеткізілетін болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК